



Автор: Хабди Дамели
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Менің мектебім
Тақырып: Мектепке саяхат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мектепте қандай бөлмелердің болатынын, олардың неге арналғанын айта алады. Көптеген оқушылар: Мектептегі бөлмелердің орналасқан жерлерін өз бетінше анықтайды. Кейбір оқушылар: Сурет бойынша мәтін құрай алады. Ойын еркін жеткізе алады.
Тілдік мақсаттар:	асхана – столовая – cafeteria; кітапхана – библиотека – library; дәрігер бөлмесі – медицинский кабинет – medical office.
Күтілетін нәтиже:	1. Кілт сөздермен танысады және ауызша сөйлеуде қолданады 2. Мектепте қандай бөлмелердің болатынын, олардың неге арналғанын біледі. 3. Заттың атын, сөздердің мағынасын түсініп, тапсырмаларды орындап үйренеді.
Бағалау критерийлері:	Білім алушы мектептегі функционалдық аймақтарды атайды. Функционалдық аймақтардың орнын анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	Мектеп оқушыларының қоғамдық орындарда тазалық сақтауға, әдепті ұйымшыл,ұқыптылыққа ,еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Математика. 1-тапсырманы орындаған кезде оқушылар «бірінші/екінші/үшінші қабаттарда»ұғымдарын қайталайды. Жаратылыстану. Оқушылар нысандарды бақылап, тиісті тұжырым жасауға үйренеді. Көркем еңбек . Оқушыларға жұмыс дәптеріндегі «Есіңе түсір және суретін сал» тапсырмасы орындауға беріледі. Бұл тапсырмада оқушылар мектептегі өзіне ұнайтан жерлердің суретін салады.
Бастапқы білім:	Үйден мектепке дейінгі жол бағытын және жол қауіпсіздік ережесін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (6 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық Үй тапсырмасын тексеру «Серпінді әдіс» арқылы өткен сабақтарды қайталатамын - Апта күндерін ата (Дүйсенбі,сейсенбі,сәрсенбі,бейсенбі,жұма, сенбі,жексенбі) - Оқушы қандай болу керек? (Әдепті,ұқыпты,ұйымшыл) - Ата – анаңды қалай қуанта аласың? (Сабақты жақсы оқу,үлкенге құрмет кішіге ізет көрсете білуіміз керек - Күн тәртібін қалай сақтайсың? (Таңғы жаттығу,таңертеңгі ас,сабаққа бару,сабақ орындау,үйдегілерге көмектесу т б)	Бездырф85641.pdf or type unknown Допты оқушыларға лақтыру арқылы ашық сұрақтар қойып жауап аламын.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 мин)	«Миға шабуыл» әдісі Сурет бойынша әңгімелеу. 5e74bd812734f.png Image not found or type unknown --Мектептің сыртқы көрінісі қандай? --Өсіп тұрған нелерді көріп тұрмыз? --Мектебіміздің сыртқы көрінісі сендерге ұнай ма? Жаңа сабақтың тақырыбын ашу. Смайликтер арқылы ынталандырамын. «Жұбын тап» ойыны арқылы топқа бөлу 1 топ асхана – столовая – cafeteria; 2топ-кітапхана – библиотека – library; 3топ - дәрігер бөлмесі – медицинский кабинет – medical office. (Ұ) 1.Тапсырма «Орнын анықта» ойыны Суреттегі мектеп бөлмелерінің орналасқан жерлерін анықтау. Әр топ өз жауабын ұсынады. Төмендегі сұрақтар бойынша әр топ өз ойларын ортаға салады. 1.Бөлмелер қайда орналасқан? 2. Неліктен ол жерде орналасқан? 3.Ол бөлмелер не үшін қажет? 5e74be7527a84.png Image not found or type unknown (Т) «Саяхат жасау» тәсілі (МК) Мектеп сызбасы туралы ақпарат беру. Топпен жұмыс. 1-топ Кітапхана Мектептің сызбасын жаса. 2-топ Асхана Саяхат жасай отырып баратын қысқа жолды анықта 3-топ Дәрігер бөлмесі Бұл бөлмелерге барып, бақылау жүргіз. 5e74bed1ca638.png Image not found or type unknown (Ж) Мектептегі өзіңе ұнайтын бөлмелердің суретін сал. Қалыптастырушы бағалау Смалик арқылы бағалау (Ұ) «Көз алдыға елестет» «Егер мектепте бөлмелер болмаса, не болар еді?» бойынша оқушылар елестету арқылы өз ой пікірлерімен бөлісу (МК) оқулық бойынша ақпарат беру Қалыптастырушы бағалау Шапалақ арқылы (Ж) 4-тапсырма Ботаға лабиринттегі заттарды тиісті жерге апаруға көмектес 5e74bf5f13908.png Image not found or type unknown Қалыптастырушы бағалау ауызша мадақтау сөздері	Мектептің сыртқы көрінісі 5e74bdd07099e.png 5e74be07728e94fmg322bc95.png Image not found or type unknown Image not found or type unknown 5e74be41c72d8.png Image not found or type unknown Суретпен жұмыс Математикамен байланыстыру арқылы оқушыларға ашық сұрақтар қоямын. Мектептің сызбасы 1 қабат 2 қабат 3қабат 5e74bf1503b35.png Image not found or type unknown 5e74bf1ed7dc8.png Image not found or type unknown Суретпен жұмыс
Сабақтың соңы (2 мин)	«Суреттерді дұрыс таңда» тапсырмасы бойынша Мысалы, градусник. Бұл заттың атауын айтып, оны «Дәрігер бөлмесі» деген жазуы бар үлестірме парақшалардың жанына қояды. «Кітап» бұл затты кітапхана деген сөзі бар парақша жанына қояды.	Үлестірме парақшалар градусник ,кітап, кесе, екпе,дәптер,шәйнек т б заттар
Рефлексия (2 мин)	«Блоб ағашы» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін. Блоб ағашы тәсілі - оқушылар өзін-өзі бағалайды. Сабақ соңында оқушы сабақта өзін қалай ұстады, қандай дәрежеде өз білімін көрсете алды, ағаштан өзін тауып бояп қояды. Жүппен жақсы жұмыс істесе, құшақтасып отырған екі адамды белгілейді. Сабаққа араласпаса, жерде бүртип жатқан баланы бояп қояды.	5e74c064dcde4.png Image not found or type unknown